

Г.Ж. Пірәлі^{1*}, А.П. Құрманбаева²

^{1, 2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

М.ӘУЕЗОВТІҢ БЕЙМӘЛІМ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ЖАҢАША ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРС

Аңдатпа. Мақалада түркі мәдениеті мен түркі халықтарына ортақ рухани қазыналарды бүгінгі уақыт талабына сай зерттеу М. Әуезовтің зерттеулері, оның эпистолярлық мұралары мен ғылыми нарративтік мәтіндері, әсіресе, қалың оқырман қауымға етене таныс емес мұрасы негізінде қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – уақытында жаңсақтықпен «пантүркизм» ұғымымен алмастырылған М. Әуезов шығармашылығындағы «түркі әлемі» және «түркі мәдениеті» деген ұғымдарды кеңестік идеологияның ықпалынан тысқары, бүгінгі тәуелсіз әдебиеттанудың талабына сай жаңаша интерпретациялау. Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларындағы, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, тәуелсіздік жылдары Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағаттарынан алынған, бұрындары ғылыми айналымға түспеген қолжазбаларындағы манастануға қатысты тұжырымдарына талдау жасалады. Туыстас қырғыз халқының ең құнды мұрасы «Манас» эпосына байланысты қазақ зиялыларының арасында туған түрлі пікірлер салыстырылады. Осы эпос төңірегінде туындаған даулы кейбір мәселелердің ара-жігі ажыратылады. Тәуелсіздігімізді алғалы қол жеткізген айтулы еңбек – әуезовтанушылар құрастырған 50 томдық ғылыми жинақтағы осы эпосқа қатысты деректердің бәріне де назар аударылып, олардың мән-маңызы анықталады. Сол кездегі саяси оқиғалардың М. Әуезовтің манастануға қатысты ғылыми пайымдарына қалай әсер еткеніне дискусстық әдіс арқылы талдау жасалады. М. Әуезовтің түркі әлемі мен мәдениетіне қатысты әлі де іздеуді қажет ететін нарративтік мәтіндері тізбектеліп көрсетіледі. Нәтижесінде авторлар М. Әуезовтің тек Орта Азия әдебиетіндегі ғана емес, оның ғалым ретінде әдебиеттануының да дамуындағы ролін екшеп береді.

Алғыс: ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР23488634 «Түркі мәдениетіндегі М.О. Әуезов әлемі» жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: абайтану, манастану, түркі әлемі, интерпретация, дискурс, нарратив, тарихи деректер, мәтін.

Г.Ж. Пірәлі^{1*}, А.П. Құрманбаева²

^{1, 2}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

ТЮРКСКИЙ МИР В НЕИЗВЕСТНОМ НАСЛЕДИИ М.АУЭЗОВА: НОВАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ И НАУЧНЫЙ ДИСКУРС

Аннотация. В статье проводится исследование тюркской культуры и духовных ценностей, общих для тюркских народов, в соответствии с требованиями современного времени. Исследования М. Ауэзова, его эпистолярное наследие и научно-повествовательные тексты рассматриваются на основе

его наследия, малоизвестного широкой читательской аудитории. Целью исследования является, которая в свое время была ошибочно заменена понятием «пантюркизм». Новая трактовка понятий «Тюркский мир» и «Тюркская культура» в творчестве М.Ауэзова, вне влияния советской идеологии, в соответствии с требованиями современного независимого литературоведения. Анализ выводов Мухтара Ауэзова о манасоведении в его эпистолярном наследии, мемуарах и неизвестных материалах, докладах и выступлениях на различных конференциях, научных и литературных собраниях, рукописях, взятых из государственных архивов литературы и искусства России в годы независимости, которые еще не в научный оборот внесен. Сопоставляются различные мнения казахской интеллигенции относительно эпоса «Манас» – ценнейшего наследия родственного кыргызского народа. Выделены некоторые спорные вопросы, возникшие вокруг этой эпопеи. Все данные, относящиеся к этой эпопее в 50-томном научном сборнике, составленном ауэзоведами, – значительном труде, добившемся нашей независимости, – будут обращены во внимание и определено их значение. М. Ауэзова методом дискуссии анализируется влияние политические события того времени на его научные взгляды на манасоведении. Последовательно показаны нарративные тексты М. Ауэзова о тюркском мире и культуре, которые еще предстоит искать. В результате авторы освещается роль М. Ауэзова не только в литературе Средней Азии, но и в развитии литературоведения как ученого.

Благодарности: Статья написано в рамках проекта AR23488634 «Мир М.О. Ауэзова в тюркской культуре», финансируемого Комитетом науки Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: абаеведение, манасоведение, тюркский мир, интерпретация, дискурс, нарратив, исторические данные, текст.

G.Zh. Pirali¹*, A.P. Kurmanbayeva²

^{1, 2}*Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov, Almaty, Kazakhstan,*

E-mail: ¹pirali58@mail.ru; ²aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2645-0918; ²0000-0002-2870-4769

THE TURKIC WORLD IN THE UNKNOWN LEGACY OF M.AUEZOV: A NEW INTERPRETATION AND SCIENTIFIC DISCOURSE

Abstract. The article studies the Turkic culture and spiritual values common to the Turkic peoples in accordance with the requirements of today. M. Auezov's studies, his epistolary heritage and scientific narrative texts are considered on the basis of his heritage, little known to a wide readership. The purpose of the study is, which at one time was mistakenly replaced by the concept of "pan-Turkism". A new interpretation of the concepts of "Turkic world" and "Turkic culture" in the works of M. Auezov, outside the influence of Soviet ideology, in accordance with the requirements of modern independent literary criticism. Analysis of Mukhtar Auezov's conclusions about Manas studies in his epistolary heritage, memoirs and unknown materials, reports and speeches at various conferences, scientific and literary meetings, manuscripts taken from the state archives of literature and art of Russia in the years of independence, which have not yet been introduced into scientific circulation. The various opinions of the Kazakh intelligentsia regarding the Manas epic, the most valuable heritage of the related Kyrgyz people, are compared. Some controversial issues that arose around this epic are highlighted. All data related to this epic in the 50-volume scientific collection compiled by Auezov scholars, a significant work that achieved our independence, will be taken into account and their significance will be determined. M. Auezov, using the discussion method, analyzes the influence of political events of that time on his scientific views on Manas studies. Consistently shown are narrative texts of M. Auezov about the Turkic world and culture, which are yet to be found. As a result, the authors highlight the role of M. Auezov not only in the literature of Central Asia, but also in the development of literary criticism as a scientist.

Acknowledgments: The article was written within the framework of the project AR23488634 "The World of M.O. Auezov in Turkic Culture", funded by the Science Committee of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Abay studies, Manas studies, Turkic world, interpretation, discourse, narrative, historical data, text.

1. Kіpіcne

М.О. Әуезов 1934-1961 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырып салма айтыс өнері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді курстардан дәрістер оқыды. Оқу бағдарламасын жасауда ұлы ғұлама түркі халықтарына ортақ мұраларға да баса назар аударып, күллі түркі жұртына ортақ игіліктердің насихатталуына барынша әсер ете алды.

Оның түркі әлеміне қатысты толағай білімі түркітанушылар В.В. Бартольд, Б. Эйхенбаум, В. Жирмунский, В.В. Виноградов, В.П. Обнорскийлерді мойындатып, өзара пікір алысып, түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігерлерге байланысты ғылыми дискурстың тууына ықпал етті. Осы аталған түркітанушы ғалымдармен шығармашылық байланысы, ғылыми мәселелер төңірегіндегі әңгімелері мен пікірлері эпистолярлық, нарративтік мәтіндерде молынан кездеседі. Мәселен, түркітанушы ғалым В.М. Жирмунскийдің М.О. Әуезовке жазған, жазушының қолжазба қорында сақталған 14 хаты дәлел. Осы байланыстардың бәрі де ерекше ыждахатпен қарап, зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Бұдан бөлек М.О. Әуезовтің Ленинград университетінің қабырғасында өткізген ғылыми семинарларына арналған баяндамалары да ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ә. Марғұланның «Мұхтар Омарханұлы Ленинград университетінің аудиториясында» («Мухтар Омарханович в аудитории Ленинградского университета») деген естелігінде аталған «Горький және шығыс әдебиеті» және «Абайдың Татьяна әндері» («Горький и восточная литература» и «Песни Татьяны по Абаю») атты рефераттары осы күнге дейін бізге беймәлім болып келеді. Бұл еңбектің мәтіні табылса, мұхтартану саласы үшін үлкен олжа болмақ.

Мұхтартану саласындағы күн тәртібіндегі елеулі мәселенің бірі – ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі де ат ізі салынбай жатқан арнаның, зерттеу нысанынан тыс қалған құнды деректің бірі саналатын, Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларындағы, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, тәуелсіздік жылдары Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағаттарынан алынған, бұрындары ғылыми айналымға түспеген қолжазбаларындағы манастанудағы ойлары – қазақ-қырғыз әдебиеті мен кәсіби мамандары үшін қызығушылық танытар жаңа тақырыптар.

1997-2011 жылдар аралығында жарық көріп, әдеби және ғылыми айналымға енген М. Әуезовтің елу томдық толық шығармалар жинағында жарияланған әр жылдардағы алуан түрлі мәжілістер мен СССР және Қазақстан Жазушылар одақтарының съездерінде, әдебиеттанудың әртүрлі салаларына (драматургия, театр, кино, аударма, проза, поэзия, сын, т.б.) қатысты одақтық, республикалық пленумдарда сөйлеген сөздері мен айтқан пікірлеріндегі тек «Манас» эпосына қатысты құнды пікірлерін жинақтап, жүйелеп, бір ізге түсіру бүгінгі күн талабы. Көп жағдайда

назар түсе бермейтін сол шағын мәтіндердің өзінде қаншама тың мәліметтер, соны ойлар, жаңа пайымдаулар бар екендігін ескере бермейтініміз өкінішті. Көрнекті зерттеушінің әдеби айналымға енген осы елу томдық академиялық жинағындағы бар мұраларды бүгінгі уақыттың рухани қажеттілігіне сай ғылыми айналымға енгізіп, кәсіби мамандар назарына ұсыну біздің еңбегіміздің басты мақсаты болмақ.

«Қазіргі кезде Абай мұрасы елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде және түркі әлемінде белсенді түрде танытылып, насихатталып, шығармалары зерттеліп жатыр. Абай мұрасы әртүрлі ғылым салаларының зерттеу нысанасы болып жатқан уақытта абайтану ғылымының даму деңгейін көрсететін зерттеу еңбектерге қажеттілік туындайтыны сөзсіз» (Дүйсенбі, 2023). Сол секілді Мұхтар Әуезовтің де шығармашылығының түркі әлеміндегі орнын зерттеудің де маңызы зор.

М. Әуезов тің манастанудағы бір ізге түсіп, жүйеленбеген ғылыми теориялық ой-пікірлерінің өзі жинала келе бұрындары еленбей жүрген, біздің назарымызға ілінбей келген қаншама құнды тұжырымдарды тарту ететіні күмәнсіз.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде жазушы М. Әуезовтің эпистолярлық мұралары, естеліктері мен бізге беймәлім болып келген мәтіндеріндегі, баяндамалары мен түрлі конференция, ғылыми және әдеби мәжілістерде сөйлеген сөздеріндегі, кейінгі жылдары мұрағаттардан табылған барша түркі халықтарына ортақ «Манас» эпосына қатысты мәтіндері алынды. Сондай-ақ зерттеудің негізгі мақсатына жету үшін қазақ және қырғыз ғалымдарының ғылыми еңбектеріне назар аударылды.

2.2 Материалға сипаттама

Түркі әдебиеті мен манастануға байланысты М. Әуезовтің зерттеулерінің ерекшелігін анықтау мақсатында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Ғалымның осы тақырыптарға байланысты барлық еңбегін бір арнаға топтастыру үшін тарихи-жүйелі әдіс басты бағдарға алынды. Саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты «Манас» эпосына байланысты туындаған ғылыми пікірлерді сараптау мақсатында дискурстық және нарративтік әдістер пайдаланылды.

3. Талқылануы

М. Әуезовтің елу томдық академиялық жинағының 45-ші томында «Қазақ-қырғыз әдебиеті тарихына социологиялық кіріспе тәжірибесі» баяндамасына аннотация» («Тезисы к докладу «Опыт социологического введения в историю казак-киргизской литературы») деген тезис сынды шағын мәтін берілген (Әуезов, 2010, 89-97 б.). Оның алғашқы тараушасы «I», «II», «III» деген пунктерден тұрады, онда қазақ-қырғыз халқының тарихи кезеңдері бүгінгі әдебиетпен байланыстырыла қарастырылған. Ал, «Ауызша әдебиет» («Устная поэзия») деген тараушада лирика (салт-жоқтау, қоштасу, көңіл айту және үйлену дәстүріне орай-жар-жар, бет ашар, сынсу) мен эпос жанрының (батырлар жыры, былины, лирикалық поэмалар) түрлеріне, олардың генезисі мен даму кезеңдеріне шолу жасалып, әдеби категорияларға кәсіби деңгейде ғылыми теориялық анықтамалар беріледі. Мұндағы талдауларға «Манас» эпосындағы көркем мәтіндер мен әдеби категориялар мысалға алынған. Көне эпикалық мәдениет, эпостың генезисі мен тарихи қалыптасу жолдары, ондағы батырдың образын

сомдауда көмекке келер жанама кейіпкерлер галереясы, көркемдік компоненттер, айтушылардың шеберліктері жөнінде зерттеуші: «Алдымен эпос туралы бастайық. Батырлық эпостың мазмұны мен идеологиялық бағыты түгелдей ру идеалдарын, экономикалық және қоғамдық мүдделерін бейнелейтініне күмән жоқ. Батыр – рудың қуатын нақты бейнелейтін кейіпкер. Батырдың есімі – рудың жиынтық аты. Оның ерліктері жеке ниеттен немесе жеке мүддеден туындамайды. Ол бөтен руларды қуып шығып, олардың жерін тартып алады, мал-мүлкін олжалайды. Батыр тұлғасы идеалдандырылып көрсетіледі. Оның дүниеге келуі, тұлпары, жары – бәрі оның ұлылығын арттыратын идеалды бейнелер. Мұның бәрі эпостың мазмұнына қатысты. Ал бұл мазмұнды социологиялық тұрғыдан түсіндіру батырлық эпостың рулық құрылым идеологиясымен тығыз байланысты екенін көрсетеді», – деп, әр эпос – бір ұлттың тарихы, батыры – жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын идеалы, ал ондағы оқиға – әдеби мұраның баяндалу тәсілі екендігін түсіндіреді (Өуезов, 2010:92). Бірнеше кітаптан тұратын эпостың әрбір новелла, әрбір эпизоды сол дәуірдің көркем шежіресі. Ғалымның ойлау жүйесіндегі мол ақпарат шағын ғана мәтінге мөлдіреп төгіліп тұр. Жанр табиғаты тезис болғандықтан да түйдек-түйдек ойларын бір-екі түйір жолға сыйдыруға мәжбүр.

«Лексика-эпитеттер, метафоралар» («Лексика-эпитеты, метафоры») деген бөлімшеде әдебиеттің көне дәуірде синкретті болғандығын, өлең мен тарих – бір шығармашылық актының жемісі екендігін теориялық тұрғыдан көркем мәтіндер негізінде түйіндеп, жинақтап жазады. Бұл дәуірдің кейіпкерлері хандар мен батырлар екендігі, олардың өмірі мен ерліктері, мінездері бірде комедиялық, бірде фантастикалық сарында суреттелетінін: «Динамикалық тақырыптардың уәжделуі — қиялға негізделген, шынайы түрде сирек беріледі. Батыр бейнесі қиял-ғажайып деңгейде әсіреленіп суреттеледі», – деп аз сөзбен терең мағына береді (Өуезов, 2010:93). Көне дәуірдегі әдебиеттің синкретті өнер екендігін, өлең мен тарих бір шығармашылық актінің нәтижесі екендігін де тезистік түрде түсіндіреді. Батырлар жайлы эпостарда жиі кездесетін көркемдік бейнелеу тәсілдерін (әсірелеу, метафора, салыстыру, теңеу, ырғақ, т.б.) атай отырып, олардың образ жасаудағы көркемдік қызметін айқындайды. Хандық дәуірде әдебиеттің екі түрлі жанры, яғни толғау мен айтыстың дамығанын, жырау бидің өмірге келгенін, олардың негізгі өнері шешендік (риторика) екендігін: «Риторикалық үндеу, лепті сөйлемдер, риторикалық сұрақтар, нақыл сөздер мен толғау – бәрі де халыққа арналады... Бұл кезеңде алғаш рет ақсүйектер мен феодалдар бөлініп шыға бастайды. Поэзия әдеби формалардан – ұжымдық поэзияға ауысады. Жеке авторлық поэзияның бастамасы көрінеді. Көркем бейнелер жиынтық сипатта беріледі, салыстырулар күрделі. Түрлі-түрлі, алуан сипаттағы тізбелеулер мен шешуі жұмбақ түрінде берілетін ойлар жиі кездеседі», – деп әрбір әдеби түсінікке нақты, дәлме-дәл ғылыми анықтама береді (Өуезов, 2010:93). Әр тақырыпқа арналған бір беттік тезистің өзінде екі елдің тарихы мен әдебиетіне тікелей қатысты кезеңдер мен әдеби ұғымдар, бүкіл әдебиеттану ғылымының негіздері мен теориялық тұжырымдар қалай жинақы, жүйелі, нақты берілгенін байқайсыз. Қазақ пен қырғыз халқының тарихы мен әдебиетінен, қоғамдық әлеуметтік өмірінің сан алуан қырын том-том кітап ақтармай-ақ, осы

тезистер арқылы түсінік алуға болады. Мысалы, «Орыстардың сауда капитализмі» («Торговый капитализм русских»), «Орыс өнеркәсіп капитализмінің әсері» («Влияние русского промышленного капитализма»), «Қазақ және қырғыз әдебиеттерін зерттеудегі әдіснамалық мәселелер» («Методологические проблемы изучения каз. и кир.литер.»), «Әдебиеттану – идеологияларды зерттейтін ғылымның бір тармағы» («Литературоведение- одна из ветвей науки об идеологиях»), «Әдебиетке басқа идеологиялардың қалыптасу процесінде табиғи түрде сіңісіп енуі» («Органическая включенность в литературу других идеологией в процессе их становления») деген шағын мәтіндер соның дәлелі. Байқап қарасақ, ішіндегі мәтіндер ғана емес, тақырыптардың өзі қысқа да нұсқа.

«1953 жылғы 26 мамырда КСРО Жазушылар одағы хатшылығының халық эпосы мәселелері жөніндегі отырысында М.О. Әуезовтің сөйлеген сөзі» («Выступление М.О. Ауэзова на заседании Секретариата СП СССР по вопросам народного эпоса 26 мая 1953 года») деген мәтіндегі сөзі негізінен кеңестік кезеңге дейін жазба әдебиеті болмаған, сондықтан олардың тарихы, әдебиеті, өнері, этнографиясы, яғни барлық рухани қазына байлығы, өмірлерінің көркем шежірелері тек ауыз әдебиеті үлгілерінде, осы эпостар мен батырлар жырында сақталатындығы жөнінде өте өткір де өрелі ғылыми ойлар айтады. Бұрынғы мақалаларында кездесе қоймайтын әдебиеттің көкейкесті мәселелері қозғалған бұл мәтіннің маңыздылығы үлкен мінбеден ұлт әдебиеттерінің шешімін күткен жәйттері кеңінен қозғалып, осы кезге дейін баспасөздерде үлкен дауларға дәнекер болып жүрген зерттеуші ғалымдардың пікір қайшылықтары да ашық айтылады. Диар Қонаевтың осы мәтінге жазған ғылыми түсінігінде айтылғандай КСРО Жазушылар одағы секретариатының бұл отырысын КСРО ЖО-ның хатшысы А.А. Сурков жүргізгені, Алматыда 1953 жылы сәуірде өткен жиналысқа КСРО ЖО секретариатының атынан қатысқан Л.И. Климовичтің негізгі баяндаманы жасағаны, оның кейбір ойларына М. Әуезовтің көңілі толмағандығы айтылады.

Бұрыннан қазақ-қырғыз әдебиеті, халық эпостары, «Манас» жөніндегі көзқарастары қайшы келіп жүрген М. Әуезов осы сөзінде: «Жолдас Климовичтің ақпараты қазақ эпосы жөніндегі пікірталаста анықталған жағдайды негізінен дұрыс атап өтті, жалпы алғанда, оның хабарламасы шындыққа сай келеді. Бірақ оның ақпаратында біздің полемикамыздың жекелеген тұстары қамтылмаған. Дегенмен, ол әлі де өз пікірін білдіре алатынын айтты. Бізде баяндамашылармен, әсіресе менің тарапымнан, елеулі пікірталас болды. Бірінші және екінші баяндамаларды мен жеткілікті ғылыми деңгейде жасалмаған деп есептедім», – деп өз кемшілігін жасырмай, жұрттың да әділетсіздігіне көне алмайтынын аңғартады (Әуезов, 2009:69).

Мұнда М.Ғабдуллин мен С. Мұқанов жөнінде де біраз түсінбеушіліктің тарихы мен себеп-салдарына да тоқталады. Бұл жөніндегі ойларымыз аталған тұлғалардың шығармашылықтарына қатысты еңбекте кеңінен баяндалғандықтан, тоқталуды жөн көрмедік (Әуезов, 2009). Мұнда ғылыми көзқарастары келіспей жүрген Климовичке айтқан сыны мен қазақ-қырғыз эпостарына қатысты қажетті пікірлерді ғана басты нысанға аламыз.

Климовичпен әріптес ретінде талай кездескенінде де арада болатын әдеби айтыстарды, пікір қақтығыстарды кәсіби мақсатта көңілге алмай ортақ мәселеде азаматтық, адамгершілік мәдениеттің биік болуын тілейтін Мұхтар Әуезов оның осы жолғы әділетсіздігіне қатты қапаланғаны сөздеріндегі сыздан, ырқына көнбеген ашу-ырғақтан байқалады:

«...Бәріміз де ересек адамбыз, өнер мәселелерін шешіп жүрген жандармыз. Онда неге біреулер жауапкершілікті өзгелерге ысырып, өзіне ыңғайлы жол тауып шыға қояды? Ал баяндама дегеніміз – ұсыныс емес пе? Әуезовті «түзеуге келмейтін буржуазиялық ұлтшыл» деп атаған жерін оқып көріңіздер. Әуезов эпос тақырыбында көлемді шығармалар жазды, ол жерде ешқандай идеалдандыру жоқ. Ол феодалдарды тарихи комедияда да, пьесада да келемеждеген.

Сөйтіп, алғашқы кейбір теориялық мақалаларымдағы қателерді көркем шығармада түзеттім. Жолдас Климович Алматыда болды, біз достықпен кездестік, бірақ мен оған маған деген бұрыс көзқарас туралы бір ауыз сөз айтқан емеспін. Мен оның өз объективті ұстанымына сенемін. Алайда республикадағы жағдайды біле отырып, бұл мәселенің көтерілетінін іштей күттім. Неге оған: «Әуезовті екіге бөліп қарау – бір жақты, табиғи емес: эпосқа байланысты қателерін ғана айтып, жазушы Әуезов туралы ләм-мим демеу – дұрыс емес» деп айтпасақ? Мені таңқалдырғаны – Климовичтің айқын бағыттағы көзқарас пен қателер жайлы үндемей қалуды жөн көргені» (Әуезов, 2009). Суреткердің сөзінен сол кезеңдегі саясаттың түрлі айлалы әрекеттері сезіледі.

М. Әуезовтің «Манас» эпосы, қырғыз фольклоры туралы еңбектерінде айтылған бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиетіне тән әдеби, ғылыми теориялық мәселелердің астарында қазақтың ұлттық сөз өнерінің өзекті жәйттері тұратыны табиғи заңдылық. Өйткені, өзге аз ұлттың мәселелерін көтеру арқылы ол өз елінің рухани мұраларын көтеруді мақсат тұтты. «Қазағым» десе кешегі «ұлтшыл» деген жаланың қайта жабылатынын ол жақсы сезді. Сондықтан да сырттай жүріп те өз мұрасының өлместей өміршендігіне көп үлесін қосты. Сол кезеңнің саясаты мен уақыт қажеттілігіне сай сөйлесе де оның ұлттық руханиятқа деген ұлы махаббаты мейлінше байқалып отыратын. Оны ғалымның мына сөздері дәлелдейді: «...Неге эпос мәселесі Қазақстан, Қырғызстан сияқты республикаларда өте өткір қойылып отыр? Себебі бұл халықтардың көпшілігінде жазба әдебиет болмаған, классикалық әдебиет дәстүрі қалыптаспады, сондықтан классиканың орнын ауыз әдебиеті басты (мысалы, Абай сияқты бір-екі тұлға ғана бар). Осындай фольклорлық дәстүр бүгінге дейін жетті және бұл тарихи негізден Жамбыл сияқты алыптың – сталиндік дәуірдің ұлы жыршысының – шығуы кездейсоқ емес.

Ауыз әдебиеті бізді әрдайым қызықтырған, оған тек зерттеушілер ғана емес, жазушылар да жиі жүгінген. Менің бірнеше пьесам бар, Мұстафиннің де бірнеше пьесасы бар. Бұл пьесалар Қазақ театрының негізгі репертуарына айналды. Біз эпос тақырыбын қалай аштық? Бір жағынан – жазушы ретінде, екінші жағынан – зерттеуші ретінде...».

Ұлтының ұлы мұраты жолында қай салада да жанкештілікпен еңбек еткен Мұхтар Әуезов қазақ-қырғыз халқының ұрпағына қалдырған ұлы мұрасы осы сөз

өнері, әдеби ескерткіштер екендігін сөзімен де ісімен де дәлелдеген дара дарын. Небір ірі мінбелерде өзінің кәсіби біліктілігі мен айтқан сөзіне елді ерітіп, көзін жеткізе алатын дәулескер ділмарлығы даулы мәселенің дауылына да дес бермейтінін 1952 жылғы «Манасты» қорғау кезінде аңызға айналғаны ақиқат. Өмірдің қандай соққысына да асқан сабырлықпен, ішкі бір тәрбие, мәдениеттілікпен күресе білген ұлының да қарапайым пенде ретінде шыдамының шегі шығатын шақтары болатынын мына төмендегі сөздері растайды: «...Неге еркін шабыт пен шығармашылық бәсекеге негізделген еңбек етуге болмайды? Бір-біріне кедергі келтірмей-ақ жұмыс істеуге болады ғой, өйткені әдебиет майданында әр адамға жол ашық. Бұл – меңгеруші не директордың креслосы емес, мұнда орын саны шексіз, барлығы қатар өмір сүре алады: жақсы роман – жақсы драмамен, поэмамен және басқа да жанрлармен қатар тұра алады. Бірақ, өкінішке қарай, бізде бұл дерт (тар шеңберлік, бақталастық) әлі де бар. Жазушылар қауымдастығы тарапынан нақты, батыл араласу жетіспейді...» (Әуезов, 2009). «Ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей адамдар арасында бейбіт бәсеке неге орнамайтынына, шығармашылық шабытты бір-бірінің аяғын шалмай ұлы мұрат жолына жұмсап, жұмылып жұмыс істеуге не кедергі деген сауалдар төңірегінде толғанады, ұлы адам. Ал мына образды түрде берілген мінездеме тіпті жаныңды жабырқатады:

«...Адамдар осындай деңгейге жеткен кезде, бұл әрі күлкілі, әрі трагикомедия, әрі өте күрделі жағдай. Өзін өз дәуірі үшін жауапты сезінетін адамдар бір мезгілде өздерін Иван Иванович пен Иван Никифоровичтің күйінде көріп отыр. Мұндай принципсіз, жеккөрінішке толы қарым-қатынастар ақыры күлкілі әрі аянышты халге жетеді» (Әуезов, 2009). Мұндай мінезсіздік, көреалмаушылық, ұстамсыздықтың арты біздің ар-ұятымызға сын екендігін, ұлтымыздың алтын діңгегі атанған зиялыларға тигізер зиянының зор екендігін ескертеді. Шағын мәтін болса да шығармашылық ортада от алған олқылықты орынды сынап, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, жинап, жариялаудың жөн-жобасын көрсетеді. Және сол мәжілісте басты мәселе болған эпос туралы даулы пікірлер бір жиынмен бітпейтінін, оның осы кезге дейін де, кейін де көкейкесті мәселе болып жалғасатынына, баяндамашылар тақырыптарына тереңдеп бара алмағанын айта келіп көпшілік батылы барып айта бермейтін кемшіліктерге тоқталады. Бұл пікір тек «Манас» эпосына ғана емес, жалпы ұлт әдебиетінің тарихына қатысты құнды әрі батыл айтылған ойлар болғандықтан кеңірек тоқталуға тура келеді: «Қазақстан халқының тарихы әлі күнге дейін толық, бекітілген түпкілікті нұсқада жазылған жоқ. Соңғы он жыл ішінде бұл тарихты бірқатар жетекші ғалымдардың, сондай-ақ КСРО Ғылым академиясының негізгі институттарының алдыңғы қатарлы зерттеушілерінің (мысалы, А.М. Панкратов және басқалар) қатысуымен үлкен ғылыми ұжым құрастырып келеді. Бұған дейінгі «Қазақстан тарихының» екі редакциясы қабылданбай, үшінші редакция әзірленіп жатыр.

Осындай жағдайда, яғни тарих әлі толық зерттелмей, жеке тұлғалардың тарихи рөлі он-он бес жыл, тіпті жиырма жыл ішінде қайта-қайта жаңаша бағаланып отырған тұста, тұрақты, қалыптасқан көзқарастардың болмауы жекелеген қателіктерге алып келеді. Бұл фольклор мен тарихи-әдеби үдерісті зерттеу барысында шынайы тарихи-

әдеби ғылым жасауға қажетті алғышарттар мен жағдайлардың жоқтығын көрсетеді», – деп қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі кемшіліктерді айқындап береді (Әуезов, 2009:70). Мәскеудегі ірі мәжілістің өзінде осыншалықты ойлы да орынды, өткір де өрелі ғылыми пікірлерді, ащы ақиқатты ашық айтуға ғұлама ғалымның парасаты жетті. Өзге жұрттың мәселесін алға тарта отырып, өз елінің рухын көтеруге өзегін жұлып берердей өткірлікпен сөйлеуі өзін құрбандыққа шалумен бірдей батылдық екендігін ұмытпасақ керек. Және осы томға беріліп отырған жазушы сөзінің мәтіні Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағатының қолжазба қорынан алынғандығын ескерсек бұл тарихи, әдеби материалдың құны артары сөзсіз (фонд СП СССР, Секретариат СП СССР. Опись 26, іс № 68, беттер 10–19).

Тап осындағы жеке ұлттардың әдеби мәдени мұраларын қалай зерттеудің мәселесі осы, 47-томдағы 1954 жылғы 14 қарашада КСРО Жазушылар одағы Хатшылығының С.А. Герасимов, Б.Н. Полевой, Самед Вургун, Б.С. Рюриковтың баяндамаларын талқылауға арналған отырысында М.О. Әуезовтің сөйлеген сөзі «Б.С. Рюриковтың тезистерін талқылау» атты тараушада жалғасын табады: «...Сол баяндамадағы 6-бетте эпос мәселесі қозғалған. Біздің халықтарымыздың, әсіресе жазу-сызуы болмаған халықтардың шығармашылық қоры – ауызша эпос арқылы көрініс тапқан. Бұл эпостарда қоғамның жоғарғы тобы мен езілген халық бірдей дәрежеде белгілі бір таптық ықпалдарға ұшыраған. Мұның өзі туындылардың жекелеген нұсқаларында айқын байқалады. Бірақ осының бәрінен соң эпосқа бізде кей жылдары жасалғандай қатынаспен қарау дұрыс па?

Моңғолияда «Гесер» эпосын қорғап қалды. Немесе «Манас» жырын еске алыңыз. Біздің орталық басылымымыз – «Халықтар достығы» журналы Боровковтың мақаласы арқылы «Манасты» дерлік жоққа шығарған еді, ал бұл жыр – халықтың рухани байлығының көрінісі. Сол кезде зиялы қауым газет бетінде наразылық танытты. Қазақстан мен Қарақалпақстан әдебиетіне қатысты да осыны айтуға болады. Баяндамада эпосқа қатысты бағалау мен оны түсінудегі біртұтас бағыт пен көзқарас туралы орынды айтылды. Иә, қателіктер болды, бірақ халыққа тиесілі мұраны – қайтадан халыққа қайтаруымыз керек. Бұл мәселеде партияның Орталық Комитетімен ақылдасып отыру қажет.

Жазуы болмаған халықтарда ауыз әдебиетінің сақталған үлгісінің маңыздылығын атап өту туралы ой әлдеқашан пісіп жетілді. Сондықтан оны жеңіл-желпі шолумен жоққа шығару әрекеттері қайта қаралуы тиіс. Мұның бәрі эпосқа арналған бөлімде де өз көрінісін табуы керек» (Әуезов, 2009:78).

М. Әуезов бұл жерде 1952 жылы Фрунзеде «Манас» жырына кеңестік кезеңнің саясаты салдарынан жасалған қиянатты еске салады. Бұл бір ұлттың рухани мұрасына жасалып отырған шабуыл емес еді, әдебиеттанушы ғалым М. Әуезов санамапап көрсеткен бүкіл аз ұлттың әдеби құндылықтарына жасалған қарсылық болатын. 50-жылдардың басындағы Сталиннің «Марксизм және тіл мәселесі», «СССР-дегі социализмнің экономикалық мәселелері» атты еңбектерінен кейін түркі халықтардың көптеген фольклорлық мұраларын жинауға, жариялауға, зерттеуге тыйым салынуы әрбір елдің әдеби ескерткіштеріне қауіп төндірген еді. Ал, 1952 жылдың маусым айында Фрунзеде «Манас» тағдырын шешуге тиісті өткен ғылыми

конференцияда одақ көлеміндегі ең ірі манастанушы, бұл саланың іргесін қалаған кәсіби маман Мұхтар Әуезовтің өзін құрбандыққа шала отырып, қорғап шығуы бүкіл түркі тектес ұлттар әдебиетінің өсіп-өркендеуіне өріс ашты. «Манас» жырының көркемдік құндылығын ғылыми теориялық тұрғыдан талдап КСРО халықтарының фольклорлық мұраларын жетік білетін білімі телегей теңіз ғұлама ғалым екендігіне әлем әдебиетшілерінің көзін жеткізді. Осы конференциядан соң-ақ, яғни 1954-55 ж.ж. «ұлтшыл-алашордашыл», «реакцияшыл-ұлтшыл», «буржуазияшыл жазушы», «хандардың жоқтаушысы» деген бұрынғы саяси жалалары қайта қамытын кигізсе де оған ол қайғыра қоймады. Осы «Манасты» қорғау арқылы қазақ әдебиетінің тарихын да қорғауға өз үлесін қосқаны үшін іштей марқайды, мәртебесі өсті. Елі үшін, ұлт руханияты үшін ірі ерлікке барудың үздік үлгісін көрсетті.

М. Әуезов әдеби мұралардағы кейіпкерлердің кино, драматургия, опера, театр, өзге өнер салаларында өріс алуларына да өз үлесін қосқан ғалым. Оның елу томдық толық шығармалар жинағының 21-ші томында жарияланған «Литература и кино» деген мақалада осы мәселелер қозғалған:

«...Әдебиет – сарқылмас қазына, оны экранда бейнелеуге болады әрі тиіс. Классикалық көркем әдеби ескерткіштерді алып қараңызшы – халықтардың эпостарында қаншама көркемдік, асқақ рух, әсемдік пен ұлылық бар десеңізші!

Одақ халықтарының эпостық мұраларын – «Давид Сасунский», «Жангар», «Манас» секілді әлемдік эпостың жауһарларын көптеген ұлттар тіліне аудару – әлемдік фольклор мен эпостың ғасырлар бойғы құндылықтарын жасауға барлық халықтардың шығармашылықпен қатысқанын дәлелдейді.

Бүгінде осы ұлы әдеби мұралар – біздің социалистік мәдениетіміздің ортақ игілігіне айналды, енді олар экранда көрініс табатын күнді күтуде. Кино өнері жақын болашақта Манас, Жангар, Қобыланды, Алпамыс, Көр-Оғлы, Давид Сасунский сынды қаһарман бейнелерді, сондай-ақ Баян-Сұлу, Ләйлі мен Мәжнүн, Ай-Чурек секілді нәзік лирикалық образдарды қайта тірілтіп, әлемге өз тілімен сөйлететін уақыт алыс емес», – деген болатын (Әуезов, 2009:70). Байқасаңыздар «Манас» батырды бірінші атап, ерекше көрсетеді. Осы мақалаға жазылған ғылыми түсініктемеде М. Әуезов тің бұл мақаласы 1944 жылы «Казахстанская правда» газетінің 3 наурыздағы санында шыққаны, ал түпнұсқасы, өз қолымен жазғаны (244-бума, 44-50-бб), машинкаға басылғаны (239-бума, 70-81 бб) сақталғаны айтылған. Аталған мақалада киноматография жанры мен көркем әдебиеттің үздік үлгілерінің арасындағы көркем-эстетикалық байланыс, кинофильмдерде тарихи тұлғалардың, батырлар жыры мен лиро-эпостың тақырыптарын көргісі келетіні айтылса, кейін шынында жазушының ұсыныстары қолдау тауып көркемсуретті фильмдерге арқау болғаны, «Абай», «Амангелді», «Құрманғазы», «Жамбыл», «Шоқан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» кинофильмдері соның куәсі.

М. Әуезовтің «III. Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» жырына қатысты жинаған деректері» атты қолжазбасы 37-томда жарияланған. Көрнекті әдебиеттанушы 1928 жылдың маусымында Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде жазғы демалысында Бішкек пен Ыстық көл, Қарақол атырабындағы ауылдарда болып, онда белгілі манасшылармен кездесіп, САГУ-де еркін тыңдаушы кезінде қызықтырып жүрген тақырыбы «Манас» эпосына қатысты құнды мәліметтер жинайды. Бұл

қолжазба сол сапарының жемісі. Жазушы мұражайында сақталған қолжазба үш дәптерден тұрады: біріншісі – 1-50-бет (парақтың екі бетіне тұтас жазылған), екіншісі – 51-100-бет, үшіншісі – 101-145-бет (Төреқұлов, 1996). Мәтін араб әрпінде жазылған. Бұл еңбек туралы «Манас» эпосын зерттеу тарихы жайында жазылған тарауда кеңінен жазылғандықтан мұнда тек ақпарат қана беріп отырмыз. Бұл да М. Өуезовтің манастанудағы алғашқы әдеби, ғылыми ізденістерін көрсететін, тынымсыз еңбекті дәлелдейтін деректер.

44-томда «Қазақ әдебиетінің тарихы» («Из истории казахской литературы») деген мақалада түркі тілдес елдердің діни-батырлық аңыздары мен халықтық романдарын қазақ қаламгерлері авантюрлық және детективті өткір сюжетті етіп өңдеп айтып жүргені жөнінде: «...Қазақтың төл эпосы секілді, «Көр-Оғлы» да, қырғыздың «Манасы» да Ұлы жүздің ақындары тарапынан жырланған – бұл дәстүр Майқотадан, Күлмамбеттен, Сүйінбайдан бастау алады. Осы поэмалардың қазақша нұсқаларын Жамбыл да тамаша орындаған еді...», – деген сөзі бар (Өуезов, 2010:202).

Сол әдеби ескерткіштердің ел жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан ғасырға жетуі осы мақалада аталған жыршылардың, халық ақындарының жыршылық өнері арқылы дәстүр жалғастырып жүргенін, «Манасты» атақты жыршы Жамбыл Жабаевтың да орындағаны турасында жақсы мәлімет береді.

44-томдағы «Ленин және халықтар достығы» («Ленин и дружба народов») атты мақаласында да осы пікір қайталанып, «Манас» әлем әдебиетіндегі ерлік жырларының кейіпкерлерімен салыстырылып, талданады. Бұл мақаланың жазушы мұрағатында (253-бума, 116-133 бб) 2-нұсқасы бар. Осындағы: «...Біз өзіміздің туған халықтарымыз үшін ерекше қуаныш пен мақтаныш сезінеміз. Өйткені олар өзінің ауыр да мұңлы көне және жаңа тарихының беттерінде Шевченко, Шота Руставели, Низами, Науаи сынды данышпан тұлғаларды дүниеге әкеліп, сондай-ақ халық даналығының көрінісі ретінде «Игорь жасағы туралы жыр», «Давид Сасунский», «Манас» сияқты ұлы эпостық шығармаларды тудырды», – деген ойлары автордың қырғыздың эпосы «Манас» жайлы тек ірі зерттеулерінде ғана емес әрбір реті келген сөйлеген сөздерінде, түрлі тақырыптағы мәжілістерде айтқан ойларында да жиі еске алып айтып отырғанын көрсетеді (Өуезов, 2010:249). Студент кезінен жүйелі түрде зерттеген ғылыми жұмысы болғандықтан жүрегіне жақын екендігін дәлелдесе керек, бұл дерек.

Шығармаларының елу томдық толық жинағының 41-ші томында «Заманымыздың Гомерлерін тыңдай отырып» («Слушая гомеров нашего времени») деген мақала бар. Онда автор «...Ең бай қаһармандық эпос жыршы-жырауларымен бірге әсіресе қырғыз халқында толық сақталған...», – дей келіп, оның шыңы Сағымбай Оразбаковтың 1923-1927 жылдар аралығында оқытушы Абдрахманов жазып алған «Манастың» алғашқы жазба нұсқасы деп жоғары баға береді (Өуезов, 2009:249). 240 мың жыр жолынан тұратын көлемді әрі өте көркем көне әдеби жәдігерді әлемдік әдеби нұсқалармен салыстыра келіп: «...Бұл – әлемдегі ең ұлы эпикалық туынды саналатын Фирдоусидің «Шах-намесіндегі» жүз мың өлең жолынан екі жарым есеге жуық көп. «Манастың» бұл нұсқасы – сан ғасырлық ауызша дәуірінен кейінгі эпостың алғаш рет қағазға түсірілген жазбасы болды...», – деп оның жанрлық және құрылымдық

ерекшеліктеріне тоқталады (Әуезов, 2009:76). Алайда жырды орындаушы Сағымбай Оразбаковтың 67 жасында қайтыс болуына байланысты «Манастан» басқа баласы мен немересі туралы генеалогиялық циклизацияны толық бітіре алмағанына өкініш білдіреді.

2-ші дарынды эпик Саякбай Қаралаев үш циклды бірнеше жылдар бойы әдеби, ғылыми, өнер ортасында жоғары деңгейде орындап, өзінің жыршылық өнердегі кәсіби шеберлігін танытты. Оның жыр мәтінін жатқа айтып, мақам-мәнерін бұзбай ұзақ уақыт бойы үлкен шеберлікпен орындауының нәтижесінде оған деген сұраныс күннен күнге өсіп, даңқы артып келе жатқанын да үлкен сүйіспеншілікпен әңгімелейді. Зерттеуші 1940 жылы ғана 70 жастағы жыршының орындауында «Манас» эпосының трилогиясы жазылып біткенінен кейінгі тарихынан да ақпарат береді. Және осы мақалада жазушының өз өміріне қатысты мынадай да тың мәлімет бар: ««...Мен оның орындауын бірнеше рет тыңдадым. Соңғы рет ол 1957 жылы менің мерейтойымда құрметті қонақ болды, ол кезде менің туғаным 60 жыл, шығармашылықпен айналысқаным 40 жыл толуын атап өткен едік. Ол менің үйімдегі мерекелік жиында қонақтардың қатарында болды және шамамен бір сағат бойы Манастың ұлы – Семетейдің ерліктері туралы үзіндіні орындады. Оны Мәскеуден келген құрметті қонақтар – жазушы К. Симонов, ақын П. Антокольский, украин жазушысы О. Гончар, сондай-ақ Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Татарстан, Кавказ елдерінен келген жазушылар мен ақындар тыңдады.

«Манас» эпосынан Қырғызстан театрлары қызықты сюжеттер алды. 1938 жылы академиялық опера және балет театры «Семетейден» алынған оқиға желісімен «Ай-Чүрек» операсын қойған еді. Кейінірек «Манас» операсы да дүниеге келді...

...Эпик Қаралаев – өте талантты орындаушы, оны сағаттап тыңдауға болады, жалықтырмайды. Ол интонацияны шебер өзгертеді, әсерлі қимылдайды, кейіпкерлердің шиеленіскен шайқастары мен толғанысты монологтарын орындағанда олардың бейнесіне жиі еніп кетеді», – деп мұндай шығармашылық шеберліктің сыры табиғат тартқан тарту ғана емес, мыңдаған жыр жолдарын жаттап, оны ұзақ уақыт бойы тоқтамай жырлау ілуде бір кездесетін дара дарын, ерекше қасиет екендігін әдебиет тарихынан бірнеше мысалдар келтіре отырып баға береді (Әуезов, 2009:77).

Шынында да ондай ірі көлемді шығарманы сағаттап, айлап, жылдап жатқа айту табиғаттың тартқан ғажайып таланты мен күдіреті. Манасшылардың айтуынша Манастың өзінің әруағы қолдап, жырды орындау барысында күшті жел ұйытқып, үйлер қозғалатынын, оларға тылсым бір күш қуат, жігер, ерекше шабыт беретінін аңыз ретінде айтып, жырды әдебиет әлеміндегі ірі көркемдік құбылыс екендігін дәлелдейді.

Қырғыз эпосын әлем халықтары фольклорында сирек кездесетін рухани құндылық деп бағалаған Мұхтар Әуезов оның көлемі мен көркемдік ерекшелігі жағынан да ерекше орын алатынын да ғылыми теориялық тұрғыдан талдап, танытады. Мақалада қырғыз, хакас, шор, якут, бурят халықтарының эпостарына да кеңінен орын беріліп, салыстырылып, олардың жанрлық, көркемдік ерекшеліктері айқындалып, сол халықтардың фольклортануындағы әдеби терминдерге түсініктер берілген. М. Әуезовтің бұл ғылыми-танымдық сипаттағы мақаласының түпнұсқасы

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған (181-бума). «...Машинкаға басылған мақаланың үстінен автор өз қолымен көк сиямен түзетулер жасаған, қолын қойып, «Мұхтар Ауэзов. Писатель, доктор филологических наук, 1960.4 апреля», – деп жазған. Түзетулер аз көлемде, стильдік редакциялау тұрғысынан жасалған.

Мақаланың көлеміне, мазмұнына, берілген деректерінің нақтылығы мен қысқалығына қарағанда, орыс тілді одақтық газеттердің біріне беруге дайындалған болу керек. М. Әуезов шығармашылығына қатысты библиографиялық еңбектерде бұл мақалаға қатысты дерек жоқ», – делінген осы томдағы ғылыми түсінік авторы Р. Әбдіғұлов.

1953-1954 жылдары «Манасты» қорғаған конференциядан соң бұрынғы саяси қоңырауы қайта соғылып М. Әуезовтің Мәскеуге кетуіне тура келген. Сол жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің «КСРО халықтарының әдебиеті» курсы бойынша дәрістер оқығаны белгілі. Әлемдік фольклордың тарихы мен теориясына жетік М. Әуезов КСРО халықтары әдебиетінен дәріс бере жүріп, ғылыми жұмыстарын жалғастырып, түркі тілдес елдер әдебиетіндегі эпикалық жырларды, фольклорлық мұраларды тереңдете зерттеп, түрлі ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, теориялық жинақтарда мақалалар жариялаған. Бұл мақала сол кезеңдері жазылған сыңайлы.

Осы 41-томда «КСРО халықтарының ауыз әдебиеті мен әдебиетін зерттеу материалдары» («Материалы к изучению устного народного творчества и литературы народов СССР») деген бірнеше тақырыптағы жоспарлар мен тезистер берілген. Онда Кеңес халықтары, ұлттар әдебиеттерінің тарихына қатысты алдағы уақытта атқарылуы тиіс шаруалар, жазылатын ғылыми жұмыстардың әртүрлі жоспарлары, хрестоматиялық жинақтарға енетін еңбектердің тізімдері, жоғары оқу орындарына арналған оқулық жобалары жазылып, қағазға түскен. Жазушы архивінің қолжазба қорындағы 192-бумада сақталған бұл архив материалдары бұрын еш жерде жарияланбаған. Қазақ әдебиеттануы мен мұхтартану саласына қосылған тың мәтіндер құны жоғары жазбалар. Олар ұлы суреткер, ғұлама ғалым М. Әуезовтің өз қолымен жазған қолжазбасы болғандықтан да бағалы.

4. Зерттеу нәтижесі

М. Әуезов қашан да халықтың мүддесін қорғап, әрдайым шығармаларында елдің ахуалын суреттеп отырды. Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы – қазақ халқының рухани дүниетанымын, ұлттық болмысын және діни-мәдени құндылықтарын көркемдік тұрғыдан терең бейнелеген бірегей құбылыс. Зерттеушілердің пайымдауынша, Әуезов шығармалары діни құндылықтардың этностық болмыспен сабақтасуын дәлелдейді және қазақ халқының рухани жадысының көркем шежіресі іспетті (Кенжебекова, 2024).

«КСРО халықтарының ауыз әдебиеті мен әдебиетін зерттеу материалдары» («Материалы к изучению устного народного творчества и литературы народов СССР») деген бірнеше тараудан тұратын материалдың «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеттері бойынша хрестоматия мазмұнының жоспары» («План содержания хрестоматии по литературам народов Средней Азии, Казахстана») деген

жоспар жазбасында: 24. «Манас» – моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі қабаттасулар (1–4 бөлім) (111-бетте), ал 113-бетте: 54. Эпос «Манас» – оны феодалдық ортада қайта қалыптастыру, кешкі қабаттасулар (1–2 п.л.) («..24. «Манас» – наслоения эпохи монгольской экспансии/ (1-4) (111 бетте), ал, 113 бетте: «54. Эпос «Манас» – переформирование его в фео. среде, поздние наслоения – /(1-2) п.л.)), – деген мәтіндер, лаконистік стильдегі сөздер жазылған. Бұл жерде аса мән беріп, назар аударатын жәйт – «Манас» эпосының бірнеше жерде аталып, сол тақырыпта дәрістер оқылуы тиіс деген жоспарлар жасалуы. Соның өзі-ақ зерттеушінің бұл тақырыпты күн тәртібінен тастамай жүйелі және тұрақты жүргізгенін, үнемі қадағалай зерттеп, толықтырып отырғанын дәлелдесе керек-ті.

«Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеттері бойынша хрестоматия бөлімінің сызбасында» («Схема раздела хрестоматии по литературам народов Средней Азии, Казахстана») деген тарауда да «6. Эпос «Манас», «Алпамыш» (у многих народов), – деген жазу бар (Әуезов, 2019:115). Ал, 116-бетте: «8. Эпосты қайта өңдеу, қабаттасу – моңғол шапқыншылығының нәтижесі, «Манас», «Семетей» («8. переработка эпоса наслоения – результат монгольских нашествий, «Манас», «Семетей»), – десе, 124 бетте: «5. «Манас» – моңғол шапқыншылығы дәуірінде / (1-4) баспа табақ» («5. «Манас» – в эпоху монг.экспансии / (1-4) п.л.)), – деп, 126-бетте: «3. «Манас» эпосы, оны феодалдық ортада қайта қалыптастыру / (1–2) баспа табақ» («3. Эпос «Манас», переформирование его в фео. Среде- / (1-2) п.л.)), – делінген. Бұл мәтінде көрсетілген тараулардың, жазбақ немесе оқылатын дәрістерінің көлемі бірнеше баспа табақпен өлшеніп, басылуы жұмыстың ауқымдылығын айқындайды. Бір сөзбен айтқанда бұл тізімдер М. Әуезовтің әр оқулықтары мен дәрістерінде «Манасты» қаншалықты кең және жан-жақты, әр қырынан талдап, жазып, оқытқаны көрінеді. Олардың бәрі көрсетілген баспа табақ көлемі бойынша жазылып жариялануы да мүмкін. Алайда олар жөніндегі мәлімет әзірге бізде жоқ. Осының өзі жазушының бүкіл оқытушылық, ғылыми педагогикалық жұмыстарында да «Манастың» жүйелі түрде зерттеліп, насихатталып отырғанының айғағы.

37-інші томдағы «III Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» жырына қатысты жинаған деректері» деген жазушының қолжазбасында әлемдік фольклорда кездесе қоймайтын көлемді де көркем жырды орындаушылардан мүмкіндігінше молынан жазып алуға тырысқан. М. Әуезов «Манастың» ең көлемді нұсқасын Саяқбай Қаралаевтан жазып алған. Қазақ ақындарының ішінде де манасшылар болғаны мәлім. Қырғыз елімен көршілес болған Жетісу ақындары, атап айтсақ Құлмамбет, Сүйінбай, Жамбыл, Майкөт, т.б. «Манасты» қырғыз манасшыларынан кем жырламаған. Кезінде Кенен Әзірбаевтан «Көкетайдың асы» тарауы жазып алынғаны мәлім. Белгілі жамбылтанушы Нысанбек Төреқұловтың «Алыптар кездесуі» деген естелігінде Сәкен Сейфуллинге Жамбыл Жабаевтың «Манасты» жырлап бергені жөнінде де қызықты дерек бар (Төреқұлов, 1996: 208). «Манастың» әлемдік рухани кеңістікте сирек кездесетін көркемдік әлемі, күрделі сюжеттік иірімдері, образдар жүйесі, түрлік, тілдік тәсілдері қазақ қаламгерлері мен әдебиетшілерін де көп қызықтырған. Жазушы мұражайында сақталған «III Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» жырына қатысты жинаған деректері» деген қолжазба да сол талпыныстың жемісі.

5. Қорытынды

«Манас» – қырғыз халқының азаттық сүйгіш рухын, оның жаулап алушыларына қарсы көп ғасырлық қиын күресін бейнелейтін қырғыз халқының рухани мәдениетінің бірегей ескерткіші» (Иманәлиев, 2011:5). Орта Азия, түркі тектес ұлттар әдебиетінің білгір маманы М. Әуезов тің бүкіл саналы ғұмырында үнемі соғып, жетілдіріп, өңдеп, жүйелі түрде жазып жүрген тақырыбы «Манас» туралы жазған, бұрындары бізге беймәлім болып келген өзге де ұсақ мұралары баршылық. Біз өзге елдердің мұрағаттарына баруға, олардағы қолжазбаларды алдыруға соңғы, тәуелсіздік жылдары ғана мүмкіндік алдық. Соның нәтижесінде түрлі мұрағаттардан табылып, тек М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағына енген мақалаларын, баяндамаларын, лекция конспектiлерiн, түрлі тезистік мәтіндерін, сөйлеген сөздерін манастану саласының зерттелу тарихы деген тақырып төңірегіне топтастырып, қарастырдық.

«Қай заманда туса да, асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы туған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізер адамның өзі емес. Соның аты – «Феникис» ақындар қойған ат», – деп сөз зергері Ғабит Мүсірепов айтқандай, әдебиетіміздің әулиесі атанған Мұхтар Әуезовтің де әрбір сөзі қазақ әдебиетінде, ұлттық әдебиеттану ғылымында ғасырлар бойы ғұмыры ұзарып, жылдан жылға қап түбіндегі асылдай жарқырап, санаға сәуле шашырып тұрары да табиғи заңдылық.

Өзгені былай қойғанда ұлттың төлқұжаты боп кеткен «Абай жолы» роман-эпопеясының өзі тек төл әдебиетімізде ғана емес, бүкіл түркі тектес ұлттар әдебиетіне де көркемдік құбылыс болып, рухани сілкініс тудырғаны да тарихи шындық. Тіпті өзге ұлт әдебиетіне шекеден қарайтын орыс әдебиетінің танымал тұлғаларының арасындағы «бізде Пушкин туралы мұндай шығарма жазылған жоқ» деген күндестік кейпіндегі күңкілдің болғандығы жөнінде М. Әуезов 1957 жылдың 1-ші тамызында Зоя Кедринаға жазған хатында: «...Жақында осы әңгіменің өзі де өтті, онда қатысқандар: Кожевников, Людмила Ивановна, Борис Леонтьевич – оның тегін ұмытып тұрмын, бірінші орынбасар, Е.Д. Сурков және тіпті Катинов та болды – жалпы шешім қабылдайтын негізгі топ түгел жиналды. Сол жерде Борис Леонтьевич бұл романды «ең үздік кеңестік роман» деп есептейтінін мәлімдеді және «Пушкин туралы мұндай роман жоқ» деп ашық айтты – бұл оның тура сөздері. Оған қоса: «біз бұл романды міндетті түрде жариялаймыз» деді. Бұл пікірлерін Евгений Данилович толық қолдады – көріп отырғанымыздай, бұл романмен алғаш танысқандардың бірі – Сурков болған сияқты», – деген жоқ па еді (Әуезов, 2011:223). Біз үшін суреткердің сөзі сенімді, қасында куәгерлері бар, тасқа түскен тарихи жазба, фактісі бар хат – эпистолярлық мұра бар.

Осы деректі ұлы ұстазының ұлағатты тағылымына ғұмыр бойы тағзым етіп өткен Ш. Айматовтың: «...кезінде орыс әдебиетінің дамуына, өркендеуіне, құнарлануына Пушкин қалай әсер етсе, күллі Орта Азия әдебиетінің дамуына да М. Әуезовтің әсері сондай», – деген бағасы толықтыра түседі (Айтматов: 1972:75). Қорытындылағанда, М. Әуезов тек жазушы ғана емес зерттеуші ретінде де оның Орта Азия әдебиеттануының дамуына да ғалым ретінде де орасан зор үлесін қосты. Деректерге сүйенсек, М. Әуезовтің бүкіл шығармашылығының негізгі тірегіне

айналған Абайға қатысты қалдырған мұрасы шамамен 15 томдықты құрайды екен (Пірәлі, 2024:115). Оның зерттеуге өзек болған манастануға байланысты еңбектері де ұлттық әдебиеттанудың мол бір арнасын қамтып отыр.

Әдебиеттер:

1. Айматов Ш. Ұстаз туралы сөз // М.Әуезов туралы замандастарының естеліктері. – Алматы: Жазушы, 1972. – 360 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 21-т. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 383 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 41-т. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 287 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 44-т. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 318 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 45-т. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 346 б.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 47-т. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 287 б.
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 50-т. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 471 б.
8. «Әуезов үйі» Ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. – 182-бума.
9. Дүйсенбі А. К., Ысқақұлы Д. Түркі әлеміндегі Абай мұрасы зерттеулерінің мета-анализі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 67–77. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.06>
10. Иманалиев Қ., Қыдырбаева З., Бакиров А. Манастану: оқу құралы. – Бішкек: ҚМУ, 2011. – 325 б.
11. Кенжебекова Г., Сманов Б., Тутинова Н., Сөйлемез О., Төлекова Г. Әуезов шығармаларындағы діни дүниетаным // Әдеби гуманитарлық ғылымдардың халықаралық журналы. – 2023. – Т. 22, №1. – Б. 35–49. – DOI: <https://doi.org/10.18848/2327-7912/CGP/v22i01/35-49>
12. Пірәлі Г., Құрманбаева А., Сәрсенбаева Ж. Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2024. – №2. – Б. 112–118. – DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.15>
13. Төрәқұлов Н. (құраст.). Жамбыл – менің жай атым... Жамбыл туралы естеліктер. – Алматы: Санат, 1996. – 224 б.

References:

1. Aimatov, Sh. (1972). A Word about the Teacher. In M. Auezov in the Memoirs of Contemporaries. – Alma-Ata: Zhazushy. – 360 p. (In Russ.).
2. Auezov, M. (2005). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.21. – Almaty: Zhibek Zholy. – 383 p. (In Kaz.).
3. Auezov, M. (2009). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.41. – Almaty: Zhibek Zholy. – 287 p. (In Kaz.).
4. Auezov, M. (2010). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.44. – Almaty: Zhibek Zholy. – 318 p. (In Kaz.).
5. Auezov, M. (2010). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.45. – Almaty: Zhibek Zholy. – 346 p. (In Kaz.).
6. Auezov, M. (2011). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.47. – Almaty: Zhibek Zholy. – 287 p. (In Kaz.).
7. Auezov, M. (2011). Fifty-Volume Complete Collection of Works. Vol.50. – Almaty: Zhibek Zholy. – 471 p. (In Kaz.).
8. Manuscript Collection of the “Auezov House” Scientific and Cultural Center, Volume 182. (In Kaz.).
9. Duisenbi A., Ysqaquly, D. (2023). Meta-Analysis of Studies on Abay’s Heritage in the Turkic World. Iasau University Bulletin, 4(130), 67–77. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.06> (In Kaz.).
10. Imanaliev K., Kydyrbaeva Z., Bakirov A. (2011). Manas Studies: Textbook. Bishkek: Kyrgyz-Russian Slavic University. – 325 p. (In Russ.).
11. Kenzhebekova G., Smanov B., Tutinova N., Soylemez O., Tulekova G. (2023). Religious worldview in the works of Auezov. The International Journal of Literary Humanities, 22(1), 35–49. <https://doi.org/10.18848/2327-7912/CGP/v22i01/35-49> (In Eng.).
12. Pirali G., Kurmanbaeva A., Sarsenbaeva Zh. (2024). The Role of Nazipa Kulzhanova and Mukhtar Auezov in the Formation of Abay Studies as a Scientific Discipline. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, (2), 112–118. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.15> (In Kaz.).
13. Torekulov N. (Ed.). (1996). Zhambyl – My Simple Name... Reminiscences about Zhambyl. – Almaty: Sanat. – 224 p. (In Kaz.).